1958–1963 жылдары Қазақстан Кинематографистер одағының жұмыстарын жолға қоюда ұлттық киноның шеберлері Ш. Айманов, А. Қарсақбаев, С. Қожықов, М. Бегалин және басқалар шығармашылықпен және бастамашылдықпен жұмыс істеді. 1958 жылдың маусым айында өткен Мәскеудегі бүкілодақтық кинофестиваль Қазақстан кинематографистерінің жұмысындағы ілгерілеуді байқатты. Алматы киностудиясы бұл фестивальде «Біздің сүйікті дәрігеріміз», «Біз осында тұрамыз» (режиссерлары Ш. Айманов), «Ботагөз» (режиссёрі Е. Арон), «Шоқан Уалиханов» (режиссёрі М. Бегалин) сияқты көркем фильмдерін көрсетті. «Біз осында тұрамыз» (қоюшы режиссёрлар – Ш. Айманов пен М. Володарский) фестивальда үшінші орынды, «Даладағы қайындар» фильмінің сценарийін жазған Б. Мешельников және Б. Теткин екінші жүлдені алды. «Миллиард үшін күрес», «Кеңестік Қазақстан» атты құжатты фильмдер екінші жүлдеге ие болды (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 11-іс. 11–12-пп.). Ш. Аймановтың алғашында театрландырған фильм ретінде ойластырған «Біздің сүйікті дәрігеріміз» картинасы жоғарғы кәсіби деңгейде қойылған музыкалық комедияға айналып қазақ киносының алтын қорынан лайықты орын алды. Фильмнің басты ерекшелігі мен жетістігі актерлар құрамының толығымен жергілікті Алматылықтар болғандығынан еді. Бұрынғы тәжірибеде «Қазақфильмге» Орталықтан (Мәскеу мен Ленинградтан) жергілікті фильмдерді «күшейту» үшін актерлар жіберіліп отырылатын. Бұл жолы фильм толығымен Қазақстандық актерлардан тұрды. Актерлар жетіспегендіктен әншілер Бибігүл Төлегенова мен Ермек Серкебаевты шақыруы уақыт көрсеткендей Ш. Аймановтың «ұлы жүрісі» болды. Фильмде сондай-ақ сол жылдардағы әсем Алматының ғажайып келбеті қаймағы бұзылмаған қалпында берілуінің көрермендер үшін эстетикалық әсері орасан зор болды. Кейінгі аға ұрпақ өкілдерінің пікірінше, олар әлі күнге дейін фильмді сол жылдардағы «ғажайып Алматыны» қайта сезіну үшін көреді. Басты рөлді сомдаған актер Юрий Померанцевтің айтуынша, шетелге кетіп жатқан Алматылықтардың қайсібірі «Біздің сүйікті дәрігеріміз» фильмінің пленкаларын өздерімен бірге алып кететін болған.

1958 жылы 20 тамыз – 5 қыркүйек аралығында Ташкент қаласында өткен Азия-Африка елдері кинематографистерінің фестивальіне Қазақстан кинематографистері белсене қатысты. Осы жылғы Қазақстан кинематографистерінің ірі қоғамдық іс-шараларының бірі 20 қыркүйекте Қарағанды қаласында өткен Алматы киностудиясы шығарған фильмдердің он күндігі болды.

1959 жылдың 17 қарашасында Қазақстан кинематографистері мен мәдениет министрлігінің кеңесі өткізілді. Пленум Қазақстан кинематографистері жұмысындағы басты кемшілік ретінде кәсіптік шеберліктің әлі де болса жетіспей жатқандығын атап көрсетті. 1958 жылы Мәскеудегі кинефестивальде Қазақстан фильмдері зор табыспен өтсе, келесі жылы бұл табыстарды одан әрі жылжытудың сәті түспеді. Оның себебі Қазақстан жазушылары сценарийлер жазу машығын игеруге баяу тартылды. Оның үстіне жазушылардың өздері сценарий жанрына селқос қарады. Айталық, саны жағынан мүшелерінің ең көбі Жазушылар одағы болғанымен, сценарий жазуда М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов секілді бірнеше жазушы ғана атсалысты. Пленумда сөйлеген режиссёр Сигединнің айтуынша, «1958 жылдың басында сценарийдің жоқтығынан Алматы студиясының жұмысы тоқтаудың алдында тұрды» (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 23-іс. 79-п.). Мұның өзі қалыптасқан жағдайдың күрделілігінен хабар берсе керек.

1960 жылдардың басында шығармашылық одақта кинодраматургия, хроника, киноәуесқойлық және Кеңес киносын насихаттау секциялары жұмыс істеді. Қазақстан киноматографистерінің шетелмен де байланысы жалғасын тауып, 1961 жылы Ш. Айманов Каирде өткен Азия және Африка елдері киноматографистерінің халықаралық конференциясына қатысты. Арнайы туристік сапармен Қазақстан кинематографистері М. Бегалин Мексикада, А. Карпов Францияда, Қ. Сатыбалдин Индияда, О. Зекки мен И. Верещагин Қытайда болып қайтты. Бұл жылдары Қазақстан кинематографистері республиканың барлық шығармашылық одақтарының күшін кино ісіне жұмылдыруда белсенділік көрсетті. 1961 жылдың қарашасында Қазақстан жазушылар, кинематографистер, композиторлар мен суретшілер одақтарының біріккен

пленумы болып, онда «КОКП-ның XXII-сьезі және шығармашылық одақтардың міндеттері» талқыланды.

Пленумда Қазақстан шығармашылық өкілдерімен бірге кинематографистер де Одақтардың материалдық базасын нығайту, өзара шығармашылық байланыстарды күшейту, маман кадрлар даярлау ісі сияқты көкейтесті мәселелер қозғады. Бұл жылдардағы қазақ киносының ілгерлеуіне кедергі жасаған киносценарийлерге деген зәрулік, ұлттық актер мамандарының жетіспеушілігі еді. Оның себебі республикада өнер шеберлерін дайындайтын арнайы оқу орындары болған жоқ. Сондықтан бұл мәселелерге 1962 жылдың 26–27 наурызы және 21–22 қараша айларында өткен шығармашылық одақтардың біріккен пленумдарында айрықша назар аударылды.

Біріккен пленумдарды шақыру, жазушылар мен кинематографистердің күштерін ортақ іске жұмылдыруда Ғ. Мүсірепов пен Ш. Айманов аянбай еңбек еткен еді. Ғ. Мүсірепов пен Ш. Аймановтың пленумдарда жасаған баяндамалары жазушылар мен кинематографистердің күштерін біріктіруде үлкен рөл атқарды. Киносценарий жазуға кезінде қазақтың көрнекті жазушылары М. Әуезов пен Ғ. Мүсірепов қалам тартқанына қарамастан 1960 жылдардың басында бұл дәстүр жалғасын таппай қалды. Оның себебі киносценарий жанрының өзіндік қиындықтарымен түсіндірілсе, Кинематографистер одағы мен Мәдениет Министрлігі жазушыларды бұл жанрға лайықты ынталандыра алмады.

1962 жылы өткен Қазақстан кинематографистерінің наурыз пленумында: «Біздің студия үшін, қазақ кино өнері үшін жоғарғы сапалы сценарийлермен қамтамасыз ету ең өткір, ең өмірлік маңызы бар мәселеге айналып отыр – деп атап көрсетті Ш. Айманов. Біздің кино өнерінің тағдыры соған байланысты... Кәсіпқой маман сценаристердің бізде әлі жоқ екенін, оның үстіне кәсіпқой сценарист болып табылатын адамдардың қазір кинода емес, телеарналарда немесе басқа жерлерде істейтінін тағы да және тағы да қайталап айтуға тура келеді» (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 78-іс. 7-п.) деді. Киносценарий жанрына деген қазақ жазушыларының селқостығын Ш. Айманов былайша түсіндіреді: «Кинонның ерекшелігін білмеу, кейде оны үйренуге тырыспау, біздің жазушылардың кеңінен тартылуына кедергі болып отырғандығына күмән жоқ. Ал біз, кинематографистер, жазушылардың жалпы кинематографияның барлық ерекшеліктерімен, атап айтқанда, кинедраматургиямен танысуына пәрменді жәрдем бермегенімізге кінәліміз» (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 78-іс. 10-п.). Алайда, жалақының төмендігінен кәсіпқой сценарист болып табылатын «бірнеше адамның» өзі бұл жанрға ден қоя алмады. Жалпы сценарий жазу жанрының күрделілігін шетелдік жазушылар да атап өтеді (Филд, 2020: 22).

1963 жылдың 9–10 қаңтарында өткен Қазақстан кинематографистерінің I – құрылтай сьезі де сценарий жанрындағы проблемаларға тоқталмай кете алмады. Съезд Қазақстан кинематографистерінің Басқармасы мен хатшылығын сайлап Одақтың құрылуын аяқтады. Басқарманың 1963 жылдың 15 қаңтарындағы № 2 хаттамасымен кинедраматургия, ғылыми–көпшілік, құжаттық кинематография мен киноәуесқойлар, актерлық және дубляждық шығармашылық секциялары бекітілді.

1945–1960 жылдары қазақ деректі фильмдерінде, оның ішінде соғыстан кейінгі алғашқы бесжылдықта фильмдердің драматургиясында «бүгін» ұстанымы басымырақ болды. 1950 жылдардан бастап «кеше және бүгін» тәсілі қайта оралды. Алайда «кеше» сөзі өткенге оралу, оны дәріптеу емес, керісінше өткенді сынау арқылы, бүгінгі күнді мадақтау қызметін атқарды. 1960 жылдары қазақ деректі киносында жеке тұлғаның ішкі жан дүниесіне барлау жасау, мінез болмысын ашу үрдісінде жаңа қызықты ізденістер пайда болды. Бақылау, үйреншікті камера, репортаж, сұхбат алу сияқты тағы басқа көркемдік тәсілдер фильмдердің құрылымына ене бастады (Рахманқызы, 2017: 39).

1963–1964 жылдары Қазақстан киноматографистері халықаралық Карлово Вары кинофестивалінде және Орта Азия мен Қазақстан республикаларының кино байқауларына қатысты. Бұл фестивальдар мен байқауларда «Ана туралы аңыз» (Реж. Карпов) көркемсуретті

фильмі жүлделі орынға ие болды. Басты рөлде ойнаған Ә. Өмірзақова Орталық Азия мен Қазақстанның ең таңдаулы актрисасы деген құрметті атаққа ие болды. Халықаралық кино өнеріндегі үлкен оқиға 1963 жылғы XI-Мәскеу халықаралық кино форумы болды. Кеңес елінің астанасына әлемдік киноның үздік режиссёрлары мен актёрлары: Джулетта Мазина, Федерико Феллини, Ив Монтан, Симона Синорье, Жан Море және тағы басқалары келді. Жюри төрағасы КСРО халық артисі Григорий Чухрай «Мое кино» атты кітабында Бас бәйгені таңдауда Ш. Аймановтың тапқырлығының көп көмектескенін айтады. Қазақ режиссёры Ф. Феллинидің туындысын ұшақпен салыстырып, басқаларының туындыларын арбаға балаған еді. Жюри мүшелері бұл уәжбен келісіп бас бәйгені Ф. Феллини алды.

Алайда, Кеңестік саяси-идеологиялық талаптар мен оның тапсырыстар жүйесі және жоспарлылық практикасы Қазақстан кинематографистерінің шығармашылығына кері әсерін тигізіп отырды. 1965 жылдың 10 қарашасында өткен Қазақстан Кинматографистері одағының III-пленумында сөйлеген режиссер А. Карповтың сөздері қалыптасқан жағдайдың одан әрі тереңдей түскенін көрсетеді: «Өндірістік жоспар мәселесі мен шығармашылық сапа мәселесі, екі проблеманың қарама-қайшы келуі мәселесі бізді қашанда толғандырады – деп атап көрсетті режиссёр. – Мен бұл қарама қайшылықты II-съезімізге дайындық барысында айтқанмын, содан кейін «мұрыннын қан кетсе де, жылдық жоспарды орында» дейтін сұмдық кеселіміз болмайды деп ойлағанмын. Автордың (сценарист), өзінің шығармасын студияға өктемдікпен таңатындығы неліктен болып отыр? Мұның болатын себебі, студия жоспардың үштен бірін орындау үшін қабырғаға тақалған адам сияқты, сапасы төмен сценарийлерді жіберуге мәжбүр. Егер үштен бірі орындалмаса цехтарға ақша төленбейді... Жалақы төленбейді. Шарттардың барлығы өте ескірген, идеологиялық өнім шығаратын өнерді, студияны, шұжық шығаратын өндіріске айналдыруға болмайды ғой. Мұндай жағдайда студия жақсы фильмдер шығара алмайды» (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 17-іс. 18-п.). Кеңестік жүйе жағдайындағы кино ісін ұйымдастырудың мұндай жоспарлылық практикасы объективті түрде сұрғылт, нәрсіз фильмдерді дүниеге келтірді.

1966–1967 жылдардағы Қазақстан кинематографистерінің барлық ұйымдастырушылық жұмыстары Кеңес өкіметінің 50 жылдығына арналды. Осы жылдар «Ана туралы аңыз», 1967 жылы «Ән қанаты» (реж. Ш. Айманов) көркем суретті фильмдері Қазақ ССР-і мемлекеттік сыйлығына ие болды. Осы жылы Канн қаласындағы балалар мен жасөспірімдердің халықаралық кинефестивалінде «Менің атым Қожа» көркем фильмі ынталандыру дипломын алды.

Кинематографистердің ұйымдастыруымен Алматы қаласы мен облысында «Қазақфильм» киностудиясы жаңа фильмдерінің фестивальдары өтті. Алматы, Қарағанды, Жезқазған, Қызылорда, Шымкент, Панфилов, Қаскелең, Гурьев және Жамбыл қалаларында–«Менің арманым», «Ән қанаты», «Жартастағы шынар ағашы», «Мазасыз таң» көркем фильмдері авторларының қатысуымен премьералары болды (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 162-іс. 2-п.). Мәскеудегі Орталық Кино үйінде Ш. Аймановтың жаңа көркем фильмі «Атамекеннің» премьерасы өтіп, оған режиссёр, қоюшы-режиссёр және негізгі рольдерді ойнаушылар қатысып қайтты.

1968 жылы Қазақстан кинематографистері София, Майндағы, Франкфурттегі Халықаралық кинефестивальдерге қатысып, дипломдар мен марапаттарға ие болды. Осы жылы Ашхабад қаласында өткен Орта Азия және Қазақстан Республикалары кинематографистерінің V-байқау конкурсында Қазақстан фильмдері 8 дипломға ие болды. Фрунзеде өткен фестивальда «Артымызда Москва» көркем фильмі I-дәрежелі дипломмен марапатталды. Камал Смаиловтың сөзінше: «Қазақтың батыл да ақылды жауынгері Бауыржан Момышұлының есімін әлемге таратқан орыс жазушысы Александр Бектің «Волокалам тас жолы» кітабы бойынша көркем суретті фильм қою қажет әрі міндет еді. Ол фильмді кинорежиссёр Мәжит Бегалин қойсам деп көптен айтып жүретін. Ол Баукеңе ерекше табынған қазақ болатын. Қасында маман, кинодраматург («Соғыс және бейбітшілік» фильмінің сценарийін жазған) Василий Соловьев бар, екеуі сценарийді жазып тапсырды. Студия қабылдады. Мәжит оны біраз қазақтандырып, қазақ

психологиясынан туатын көріністер қосты. А. Бек Бауыржанды орыс-совет офицері етіп көрсетсе, Мәжит қазақ-совет офицері етіп көрсетуге ұмтылды» (Мәжит Бегалин: кітап-альбом, 2008: 80–81).

1969 жылдың 23 қаңтарында Қазақстан кинематографистерінің ІІ-съезі болып өтті. Бұл форумға республиканың кино мамандары кәсіптік жағынан мол дайындықпен келген еді. Ұлттық киноның майталман мамандары режиссёрлар Ш. Айманов, М. Бегалин, С. Қожықов, Ш. Бейсембаев, А. Қарсақбаев, кино актёрлар Н. Жантөрин, Ы. Ноғайбаев, Ә. Молдабеков, Ә. Өмірзақова, Р. Қойшыбаев, Қ. Бодыров, Х. Бөкеева, Р. Мұхамедьярова және тағы басқалар қазақ киносының лайықты өкілдері болды. Режиссёрлар М. Бегалиннің «Оның заманы туады», С. Қожықовтың «Қыз Жібек», А. Әшімов пен қырғыз режиссері Б. Шәмшиевтің «Қараш-Қараш оқиғасы», Ә. Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа», Ш. Аймановтың «Ән қанаты», «Алдар Көсе», «Тақиялы періште» атты көркем суретті фильмдері қазақ киносының «алтын қорынан» орын алып, Қазақстан кинематографистері республика мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосты. Себебі аталған фильмдер көрермендер және кино сыншылары тарапынан жоғары баға алып, ұлттық сипатымен ерекшеленді. Табысқа жеткен фильмдердің көпшілігі Кинематографистер одағының шығармашылық секцияларында алдын-ала талқыланатын және фильм түсірушілердің барлығы аталған одақтың белсенді мүшелері болатын. Орталық студиялардан жіберіліп отырған орыс тілді маман кадрлар да Қазақстан киносының қалыптасуына елеулі жәрдем берді. Дегенмен, Қазақстан кинематографистерінің шығармашылық мүмкіндіктері тоталитарлық қоғамның идеологиялық-саяси талаптарымен де шектеліп отырды.

Кинематографистердің ІІ-съезінде де Одақтың төрағасы Ш. Айманов және басқа да режиссёрлар тарапынан фильмдерді шығарудың жоспарлылығы өткір сынға алынды. Съезде қазақ киносының ең әлсіз буыны сценарийлер зәрулігі тағы да қайтара айтылды. Бірақ бұдан кейінгі жылдарда да мұндай кеселді практиканы жеңу мүмкін болмады. Әміршілдік-әкімшілік жүйе жағдайында кино сценарий жанрына қалам тартқысы келген азғантай энтузиаст жазушылардың алдында да бюрократиялық немесе саяси кедергілер тұрды. Кино сценарий жанрына өз еркімен келген ақын О. Сүлейменовтің басынан өткен шырғаландары бұған дәлел. Съезд делегаттарының алдында ол өзінің бұл жанырдағы тәжірбиелерімен былай деп бөліседі: «Мен киноға, жұмысқа келгендей жәй келе салғаным жоқ еді, мен қызмет іздегенім жоқ, қызмет еткім келді..., мен мұнда біздің киноның тағдыры жайлы жайсыз әңгімелерден кейін, нақ сондай әңгімелерден кейін келдім, біздің мәдениеттің соңшалықты ебедейсіз көрсетілгеніне өкініш сезіммен келген едім – дейді ол. Мен сценарий жазғаннан кейін тәжірибесі жағынан үлкен достардың оны мұқият қарап шығатын дәуірі басталды. Алғашқыда маған кеңес берілді. Жаңа іс, жолдастар, менен де жақсы түсінеді деп есептеген мен, барлық кеңестерге құлақ асып отырдым. Бұдан кейін қамқоршылардың ауқымы кеңейе түсті, бұл топқа комитет те кірді, ал онан соң бұл топқа Мәскеулік жолдастар да кіре бастады. Менің шығармашылық намысыма тиген осыншалықты қорлықтардан кейін ғана... Сүлейменовтегі сценаристің дәйектілікпен және салқынқандылықпен өлтіріліп отырғанын мен қазір ғана түсіндім» (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 216-іс. 102–103-пп; 215-іс. 169-пп.). Бұдан біз фильмдерді шығарудағы жоспарлылықтың, саяси цензураның «Қазақфильм» киностудиясында шын шығармашылық атфосмераның орнауына жол бермегенін көреміз.

Осыған ұқсас жағдай, жазушы Сәтімжан Санбаевтың «Ақ Аруана» повесі бойынша 1970 жылдары режиссер Виктор Пусурмановтың түсірген «Ақ шаңқан таулар» фильміне тән болды. Фильмде кеңестік идеологияға қауіп болатындай ештеңе жоқ болатын, негізінен Қазақстан фаунасы мен флорасы басым бейнеленгендігіне қарамастан цензурадан өтпей, 15 жыл прокатқа шығарылмады. Өйткені фильмнің негізгі идеясы туған мекеніне деген сағыныш сезімінің жануарға да тән екендігі бейнеленді. Бірақ сол уақыттағы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы С. Имашев фильмді үзілді кесілді көрермендерге

көрсетуге болмайды деген үкім шығарды. Бұл мәселе Д.А. Қонаев деңгейіне дейін көтеріліп, республика басшысы оның себебін сұрағанда С. Имашев: «ертең біз шетелге көшу туралы өтініштердің астында қаламыз» деп жауап берді. Себебі бұл уақытта одақ көлемінде шетелге кету туралы өтініш бүкіл Кеңес Одағында жаппай сипат ала бастаған еді. Айталық, немістердің Германияға, еврейлердің Израильге көшуі үрдіс алған болатын. Фильмнің цензурадан өтпей қалғанына қапа болған актер Н. Жантөрин жылап жіберген деседі (Әуезов, 2023: 146). Әміршіл-әкімшілік жүйеде қарапайым кино эксперименттерге де жол жабық еді. Тек «дұрыс» фильмдердің шығарылуы талап етілетін.

Қазақстан кино өндірісі сапасының төмендігіне кино актёрлардың жетіспеуі де әсерін тигізді. 1960–1970 жылдары актёрлардың бір фильмнен екінші фильмдерге үнемі көшіп отырып, көрермендерді жалықтырған уақыттары да аз болмады. Актёрларды пайдаланудың мұндай практикасын басқа емес, Ш. Аймановтың өзі «жыртқыштықпен пайдалану» деп бағалады. Осындай объективтік және субъективтік себептермен Қазақстан киносы 1946–1970 жылдары жекеленген табыстарына қарамастан мейлінше баяу ілгерледі. Бұл Қазақстан киносында көп уақытқа дейін жаңа кезеңнің байқала қоймағанынан көрінді. Қазақстанда 1930 жылдарда пайда болған алғашқы фильмдер мен 1960 жылдардағы фильмдердің көркемдік, сюжеттік сапасында өзгерістер байқалмады. 1930 жылдары шыққан қазақтың тұңғыш көркемсуретті «Амангелді» фильмі 1960 жылдары шыққан фильмдермен терезесі тең тұрды. 1960 жылдардың аяғында ғана жаңа кезеңнің нышандары байқалды. Сатыбалды Нарымбет: «Қазақ фильмдері ішінен 70 жылдары шыққан Мәжит Бегалиннің «Тұлпардың ізі» мен Ш. Аймановтың «Атамекен» фильмдерін жоғары бағалауға болады. Біреуінің сценарийін Әкім Тарази, екіншісінің сценарийін Олжас Сүлейменов жазған. Өкінішке орай екеуі де ұлттық қорымыздың алтын қорына енгенімен, кино тарихымызды әлі күнге дейін толыққанды талданып, анализ жасалынған жоқ. Таза кино дегеніміз осы» дейді (Нарымбет, 2016: 127).

Қазақстан киносының баяу ілгерілеуі, оның өнімдерінің көрермендердің арасындағы беделі, таралуы, тұтынылуы деңгейінен де көрінді. Кино өнімдерін халықтың арасында тарату ісінде де терең қарама-қайшылықтар байқалды. Әдетте фильм үш кезеңнен өтеді: өндіріс, таралым және көрсетілім (Кино өнеріне кіріспе, 2020:39). Отандық кино фильмдері әрбір кезеңнің өзіндік сынақтарынан өтіп отырды. Республика көлемі, оның тұрғындарының санымен салыстырғанда «Қазақфильм» киностудиясы көркемсуретті фильмдерді аз шығарып, республика халқының киноға деген сұранысын қанағаттандыра алмады. 1946–1965 жылдар аралығында бар болғаны 40-қа жуық көрмесуретті фильм шығарылды (Сиранов, 1966: 176). Бұл Қазақстан үшін мейлінше аз еді. Онсызда аз «Қазақфильм» өнімдерінің техникалық сапасы төмен болып, олардың көшірмелерінің өзі жеткілікті көлемде репродукцияланбады. Режиссёр А. Карповтың айтуынша «Қазақфильм» өнімдерін республика тұрғындарының 50 проценті осы себептен көре алмады (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 139-іс. 21–22-пп.).

Техникалық сапасының төмендігінен, киномеханиктердің жауапсыздығынан алғашқы айлардың өзінде-ақ кинолenталар үзіліп, жарамсыз болып жатты. Соған қарамастан фильмнің бір данасы 700 рет көрсетілуі керек деген нұсқау болды (ҚР ОМА. 2128-қ. 1-т. 139-іс. 29-п.). Қалыптасқан мұндай практика «Қазақфильм» өнімдерінің көрермендердің арасында таралуына, пәрменді насихатталуына жәрдемдескен жоқ. Республика қалаларында қазақ киносының фестивальдары өткізіліп тұрғынымен оның беделі көрермендер арасында төмен болды. Қазақфильм киностудиясынан шыққан фильмдердің идеялық, мазмұндық, сюжеттік, тақырыптық ұқсастықтары да кино көрермендерін жалықтырды. Дегенмен, тарихқа қазақ киносының «алтын кезеңі» болып енген бұл кезеңде қазақтың тұңғыш режиссёры Ш. Аймановтың еңбегі шешуші рөл атқарды. Кинотанушы Бауыржан Нөгербектің пікірінше, «Ш. Аймановтың кинорежиссурасына назар аударсақ, әр фильмді қойған сайын оның қоюшы режиссёр ретіндегі кәсіби шеберлігі ұштала түскенін байқаймыз. «Біздің сүйікті дәрігер», «Бір ауданда»,

«Жол қиылысы», «Алдар көсе», «Атамекен», «Тақиялы перішті», «Атаманның ақыры». Жеті фильм – партиялық номенклатура телігін нормативті эстетика, идеологиялық киноштамптардан ажырап, еркіндікке бастаған жеті қадам» (Топжарған, 2014: 15). Шынында да, Шәкен Аймановтың ұлттық кино тарихындағы жарқын тұлғасы уақыт өткен сайын сезіле түсті. Сондай-ақ осы қатардан қазақ киногерлерінің қас шеберлері Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалин, Абдулла Қарсақбаевтың кино шығармашылық кезеңдері де Ш. Айманов есімімен басталып, Ш. Айманов есімімен аяқталады (Кинотанушы Бауыржан Нөгербек, 2020: 90). Айта кететін жайт, 1960 жылдардағы Европалық кинематография өнері режиссерлерінің кейбір канондық туындыларына қарасақ, фильмдегі модернистік бетбұрыстың ортақ үлгідегі туындыларын көруге болады (Кино теориясы: сезім тұрығысынан кіріспе, 2020: 92). Ал, бұл Қазақстан фильмдерінде байқалмады.

**Қорытынды**

Сонымен, соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан көркем өнерінің барлық салалары бойынша дербес шығармашылық одақтары болып, тек отандық киногерлерді біріктірген шығармашылық одақтары құрылған жоқ еді. Бұл кезеңде отандық киногерлердің жұмысы негізінен Алматы киностудиясында шоғырланды. Қазақстан киногерлерінің сандық және сапалық құрылымының ілгерілеуімен киногерлер шығармашылық одағын құрудың алғышарттары жасалынып жатты. Отандық кино көшбасшыларының тынымсыз жүргізген ұйымдастырушылық жұмыстарының нәтижесінде 1958 жылы Қазақстан Кинематографистерінің шығармашылық одағы құрылып, ұйымдық жағынан нығая түсті. Соған қарамастан 1950–1970 жылдары Қазақстан Кинематографистері одағының қызметінде қарама-қайшы тенденциялар байқалды. Бір жағынан Қазақстан киносының қалыптасып, Кинематографистер одағының қызметі республика мәдениетінің дамуына үлес қосып жатса, екінші жағынан кино өндірісінің көптеген туындыларының деңгейі өсуді талап ететін. Республика көлеміндегі кинотеатрларда республикалық киностудияның өнімдеріне қарағанда Одақтық киностудиялардың өнімдері басым түрде көрсетілді. «Қазақфильм» киностудиясының материалдық техникалық базасы да өскелең талаптарға жауап бере алмай жатты. Кеңестік кино өндірісінде мемлекеттік тапсырыстар мен идеологиялық талаптарға көп көңіл бөлінді. Бұл тоталитарлық қоғамның қатаң шарттары мен талаптарынан туындап жатты. Соған қарамастан бұл кезең қазақ кино тарихында мамандардың пікірінше «алтын кезең» атанып тарихқа енді. Осы жылдары аса көрнекті қазақ режиссёрлары – Ш. Айманов, А. Қарсақбаев, С. Қожықов және тағы басқа киногерлерінің кәсіби таланты мен шығармашылық әлеуеті жарқырай көрінді. О. Сүлейменовтың партиялық және одақтық кино шенеуніктерінің цензуралық бақылауларына қарсы ресми сөздері қазақ киносының еркіндікке ұмтылуының көрінісін құрады.

**Sources**

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

**Дереккөздер**

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

**References**

Auezov, 2023 — *Auezov M.* Kazak ruhy [Kazakh spirit]. Almaty: Atamura, 2023. 480 p. (In Kaz.).

Begalin, Sanbaev, 2008 — *Begalin Q.S., Sanbaev S.* MajitBegalin: kitap-albom [MajitBegalin: book-album]. Almaty: Oner, 2008. 160 p. (In Kaz.).

Bekhojina, Nogerbek, 2020 — *Bekhojina G., Nogerbek B.* Kinotanushi Bauyrjan Nogerbek [Film critic Baurzhan Nogerbek]. Almaty: Qazaq universiteti, 2020. 375 p. (In Kaz.).

Borduell et al., 2020 — *Borduell D., Tompson K., Smit D.* Kino onerine kirispe [Introduction to Filmmaking]. Almaty: "Ulttyk audarma byurosy" kogamdyk kory, 2020. 728 p. (In Kaz.).

Elzesser, Hagener, 2020 — *Elzesser T., Hagener M.* Kino teoriyasy: sezim turgysynan kirispe [Film Theory: A Sensational Introduction]. Almaty: "Ulttyk audarma byurosy" kogamdyk kory, 2020. 232 p. (In Kaz.).

Fild, 2020 — *Fild S.* Kinoscenarii. Scenarii zhazu negizderi [Movie script. Basics of screenwriting.]. Almaty: "Ulttyk audarma byurosy" kogamdyk kory, 2020. 248 p. (In Kaz.).

Freilih, 2020 — *Freilih S.I.* Kino teoriyasy: Ejzenshteinnen Tarkovskiige dejin [Film Theory: From Eisenstein to Tarkovsky]. Almaty: "Ulttyk audarma byurosy" kogamdyk kory, 2020. 412 p. (In Kaz.).

Narımbet, 2016 — *Narımbet S.* Kozimnin karası [The black of my eyes.]. Almaty: Han taniri, 2016. 618 p. (In Kaz.).

Nogerbek, 2008 — *Nogerbek B.* Ekranno-folklornye tradicii v kazahskom igrovom kino [Screen-folklore traditions in Kazakh feature films]. Almaty: RUAN, 2008. 376 p. (In Russ.).

Rahmanqyzy, 2017 — *Rahmanqyzy N.* Kazak kinosy: keshe jane bugin. Zertteuler, maqalalar, retsenziyalar, suhbattar [Kazakh cinema: yesterday and today. Studies, articles, reviews, interviews]. Astana: Foliant, 2017. 464 p. (In Kaz.).

Rusina, 2019 — *Rusina Yu.A.* Istoriya sovetskogo kino [History of Soviet cinema]. Ekaterinburg: Ural University Publishing House, 2019. 104 p. (In Russ.).

Siranov, 1966 — *Siranov K.* Kinoiskusstvo Sovetskogo Kazahstana [Cinematography of Soviet Kazakhstan]. Almaty: Kazakhstan, 1966. 399 p. (In Russ.).

Smailova, 2014 — *Smailova S.* Topjargan: Shaken Aymanovtyn 100 jyldygyna arnalady [Topzhargan: dedicated to the 100th anniversary of Shaken Aymanov]. Almaty: Raritet, 2014. 400 p. (In Kaz.).

Tuyakbaeva, 2019 — *Tuyakbaeva A.* Kazak kino onerindegi salt-dasturler men ruhani kundylyktardyn korinisi. [The manifestation of traditions and spiritual values in Kazakh film art]. Dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). Almaty, 2019. (In Kaz.).

**Әдебиеттер**

Әуезов, 2023 — *Әуезов М.* Қазақ рухы. Алматы: Атамұра, 2023. 480 б.

Бегалин, Санбаев, 2008 — *Бегалин Қ.С., Санбаев С.* Мәжит Бегалин: кітап-альбом. Алматы: Өнер, 2008. 160 б.

Бекхожина, Нөгербек, 2020 — *Бекхожина Г., Нөгербек Б.* Кинотанушы Бауыржан Нөгербек. Алматы: Қазақ университеті, 2020. 375 б.

Бордуэлл және т.б., 2020 — *Бордуэлл Д., Томпсон К., Смит Д.* Кино өнеріне кіріспе. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. 728 б.

Нарымбет, 2016 — *Нарымбет С.* Көзімнің қарасы. Алматы: Хан тәңірі, 2016. 618 б.

Ногербек, 2008 — *Ногербек Б.* Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. Алматы: RUAN, 2008. 376 с.

Рахманқызы, 2017 — *Рахманқызы Н.* Қазақ киносы: кеше және бүгін. Зерттеулер, мақалалар, рецензиялар, сұхбаттар. Астана: Фолиант, 2017. 464 б.

Русина, 2019 — *Русина Ю.А.* История советского кино. Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2019. 104 с.

Сиранов, 1966 — *Сиранов К.* Киноискусство Советского Казахстана. Алматы: Казахстан, 1966. 399 с.

Смаилова, 2014 — Смаилова С. Топжарған: Шәкен Аймановтың 100 жылдығына арналады. Алматы: Раритет, 2014. 400 б.

Туякбаева, 2019 — *Туякбаева А.* Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың көрінісі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2019.

Филд, 2020 — *Филд С.* Киносценарий. Сценарий жазу негіздері. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. 248 б.

Фрейлих, 2020 — *Фрейлих С.И.* Кино теориясы: Эйзенштейннен Тарковскийге дейін. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. 412 б.

Эльзессер, Хагенер, 2020 — *Эльзессер Т., Хагенер М.* Кино теориясы: сезім тұрығысынан кіріспе. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. 232 б.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

**Ахметова Ж., Эгамбердиев М., Әбікей А.**
ТҮРКІСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН МЕЖЕЛЕНУ ТАРИХЫНАН…………………………7
**Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.**
ҚАЗАҚСТАН КИНЕМАТОГРАФИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ (1946–1970)……………………………………………………………………………………………24

### ТАРИХ

**Әбдіқұлова Г., Төленова З.**
КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫНЫҢ КӨЗДЕРІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ……………………....37
**Бейсембаева А.Р.**
XVII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ: АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ…………………………………………………………..52
**Беркінбаев О.У.**
АБЫЛАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА МАНЬЧЖУР ӘУЛЕТІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ…67
**Жұматай С.**
ӘБІЛМӘМБЕТ ПЕН АБЫЛАЙДЫҢ РЕСЕЙ ПРОТЕКТОРАТЫН ҚАБЫЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН БАРЫСЫ (1740 Ж.) ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ………………………………………………………...…………………83
**Қабылдинов З.Е.**
СҰЛТАН СҰЛТАНМАМЕТТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–50 ЖЫЛДАРЫ)…………………………………...…………………………………………………...94
**Қали А.Б.**
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ ТАТАРЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫНАН……………………………………………………………………………………………...111
**Қуанбай О.**
АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ САЯСАТЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–40 жж.)…………………………………………………………...………………...…124
**Қонырова А.М.**
РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОРЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)……………………………………………………...……………………………..142
**Рахимова Қ.Д., Батырхан Б.Ш.**
МҰХАММЕД ӘЛИ ФОРУГИДІҢ ИРАНДА ЖАҢА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ…………………………………………………...……………………..……………154
**Рысқұлов Т.А.**
ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫ МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ОРНАУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ РӨЛІ (1730–1750 ЖЖ)…………………………...……………………...…169
**Тоқболат С.Т., Жүрсінбаев Б.А., Жұбанышов Б.Т.**
ДАЛА ЖОРЫҒЫ: 1839 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ХИУА ЖОРЫҒЫНДАҒЫ КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РӨЛІ……………………………………………………...………...……………………184
**Торайғыров Е.М.**
ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ, ӘУЛЕТТІК ЖӘНЕ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ……………………...……202
**Мұхатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А.**
ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ……………………...……218
**Ноури М., Жеңіс Ж., Ализаде**
XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНАН ИРАНҒА РЕЗА ШАХТАН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ҚОНЫС АУДАРУЫ……………………………..……………………………234

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Досымбетов Н.А.**
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕГІНШІЛІК МӘДЕНИЕТІ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІМЕН)……………………………...……………………………………………………..247
**Сейтхан Ш.**
МОҢҒОЛДАРДЫҢ ЖЫЛҚЫҒА ҚОЛДАНАТЫН ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ ТАҢБАЛАУ ДӘСТҮРЛЕРІ……….………261

## СОДЕРЖАНИЕ


### ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

**Ахметова Ж., Эгамбердиев М., Абикей А.**
ИЗ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО РАЗМЕЖЕВАНИЯ ТУРКЕСТАНА……………………...7
**Сатбай Т.Я., Жолдасұлы Т.**
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СОЮЗА КИНЕМАТОГРАФИСТОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946–1970)…………………………………………………………………………………………………..24

### ИСТОРИЯ

**Абдыкулова Г., Толенова З.**
МНОГОМЕРНЫЕ ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ ПОВСЕДНЕВНОСТИ: ОПЫТ КАЗАХСТАНСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ…………………………………………………………………………………………….37
**Бейсембаева А.Р.**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИХ ОТНОШЕНИЙ В КОНЦЕ XVII – СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКОВ: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ………………………………………………………….52
**Беркинбаев О.У.**
АБЫЛАЙ И ЕГО ВЗАИМООТНОШЕНИЯ С МАНЬЧЖУРСКОЙ ДИНАСТИЕЙ В СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКА………67
**Жуматай С.**
ПРИНЦИПЫ И ХОД ПРИНЯТИЯ РОССИЙСКОГО ПРОТЕКТОРАТА АБУЛМАМБЕТОМ И АБЫЛАЕМ (1740 г.) И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ………………………………………………………………………………………83
**Кабульдинов З.Е.**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУЛТАНА СУЛТАНМАМЕТА (30–50 ГОДЫ XVIII ВЕКА)……………………………………………………………………………………………………...94
**Кали А.Б.**
ИЗ ИСТОРИИ ЗАСЕЛЕНИЯ ТАТАР СЕМИРЕЧЬЯ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА…………………………111
**Куанбай О.**
ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СУЛТАНА АБЛАЯ В ПРИГРАНИЧНОЙ ЗОНЕ (30–40-е годы XVIII ВЕКА)……………………………………………………………………………………………………..124
**Конырова А.М.**
ПОЛИТИКА РУСИФИКАЦИИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ (НАЧАЛО XX ВЕКА)….142
**Рахимова К.Д., Батырхан Б.Ш.**
РОЛЬ МУХАММЕДА АЛИ ФОРУГИ В ФОРМИРОВАНИИ НОВОЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СРЕДЫ В ИРАНЕ……………………………………………………………...……………………………...….154
РОЛЬ АБЫЛАЯ В УСТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХОВ СРЕДНЕГО ЖУЗА С РОССИЕЙ В 1730–1750-Х ГГ………………………………………………...…………………………………...169
**Токболат С.Т., Джурсунбаев Б.А., Жубанышов Б.Т.**
ПОХОД ПО СТЕПИ: РОЛЬ КАЗАХОВ МЛАДШЕГО ЖУЗА В ХИВИНСКОМ ПОХОДЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ 1839 ГОДА……………………………………………………………...……………………………………...…184
**Торайгыров Е.М.**
КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ, ДИНАСТИЙНЫЕ И ТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ………202
**Мухатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А.**
ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ВЗГЛЯДЫ ОТЫНШЫ АЛЬЖАНОВА………………………….…218
**Ноури М., Жеңіс Ж., Ализаде**
ИРАНСКИЕ КАЗАХИ-ПЕРЕСЕЛЕНЦЫ 1930-Х ГОДОВ С МАНГЫСТАУ: СО ВРЕМЕН РЕЗА ШАХА ДО НАШИХ ДНЕЙ……………………………………………………………………………………………...…234

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Досымбетов Н.А.**
КУЛЬТУРА ЗЕМЛЕДЕЛИЯ КАЗАХОВ В ФОЛЬКЛОРНЫХ ИСТОЧНИКАХ (ОПЫТ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ)……………………………………………………………………………………….…..247
**Сейтхан Ш.**
МОНГОЛЬСКИЕ КЛЕЙМА ДЛЯ ЛОЩАДЕЙ И ТРАДИЦИИ ДЕЛАТЬ КЛЕЙМА………………………………..261

## CONTENTS


### THEORY OF METHODOLOGY

**Akhmetova Zh., Egamberdiyev M., Abikey A.**
FROM THE HISTORY OF NATIONAL-TERRITORIAL DEMARCATION OF TURKESTAN………….………………...7
**Satbay T., Zholdassuly T.**
THE ACTIVITIES OF THE UNION OF CINEMATOGRAPHERS OF KAZAKHSTAN IN THE POSTWAR YEARS (1946–1970)…………………..……………………..………………………………………………………………...……….24

### HISTORY

**Abdykulova G., Tolenova Z.**
MULTIFACETED SOURCES OF EVERYDAY HISTORY: THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTANI RESEARCH……………………………………………………………………………………………………….…….37
**Beisembayeva A.R.**
CERTAIN ASPECTS OF THE KAZAKH-DZUNGAR RELATIONS IN THE LATE XVII – MIDDLE XVIII CENTURIES: BASED ON ARCHIVAL SOURCES………………………………………………………………………………….……..52
**Berkinbayev O.U.**
ABYLAI AND HIS RELATIONSHIP WITH THE MANCHU DYNASTY IN THE MIDDLE OF THE XVIII CENTURY…………………………………………………………………………………………………….…..67
**Zhumatay S.**
PRINCIPLES AND COURSE OF THE ADOPTION OF THE RUSSIAN PROTECTORATE BY ABULMAMBET AND ABYLAI (1740) AND ITS CONSEQUENCES……………………..…………………….…………………….………83
**Kabuldinov Z.E.**
SOME ASPECTS OF THE LIFE AND WORK OF SULTAN SULTANMAMET (1730s–1750s)……………..………….94
**Kali A.B.**
FROM THE HISTORY OF THE TATAR SETTLEMENT TO ZHETYSU IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY……………………………………………………………………………………………………...111
**Kuanbay O.**
DIPLOMATIC POLICY OF SULTAN ABLAI IN THE BORDER AREA (1730s–1740s)……………………………….124
**Konyrova A.**
RUSSIFICATION POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE FIELD OF EDUCATION (EARLY 20th CENTURY)……………………………………………………………...…………….……………….142
**Rakhimova K., Batyrkhan B.**
THE ROLE OF MUHAMMAD ALI FOROUGI IN THE FORMATION OF A NEW INTELLECTUAL ENVIRONMENT IN IRAN…………………………………………………………...……………………………………………..…..154
**Ryskulov T.**
THE ROLE OF ABYLAI IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF TRADE RELATIONS BETWEEN THE KAZAKHS OF THE MIDDLE ZHUZ AND RUSSIA IN THE 1730S–1750S…………………………………….………169
**Tokbolat S., Dzhursunbayev, Zhubanyshov B.**
CAMPAIGNING ACROSS THE STEPPE: THE VITAL ROLE OF THE JUNIOR ZHUZ KAZAKHS IN IMPERIAL RUSSIA'S 1839 KHIVA CAMPAIGN……………………………………………………………...………...……….184
**Toraigyrov Y.M.**
KAZAKH-JUNGAR DIPLOMATIC, DYNASTY AND TRADE RELATIONS…………………………………...………202
**Mukhatova O. Kh., Doskarayeva A.A., Sisenbayeva A.A.**
EDUCATIONAL ACTIVITIES AND VIEWS OF OTYNSHY ALZHANOV……………………………………….……218
**Nouri M., Zhengis Zh., Alizade**
THE RESETTLEMENT OF KAZAKHS FROM THE MANGISTAU REGION TO IRAN IN THE 1930-s FROM THE TIME OF REZA SHAH TO THE PRESENT DAY…………………………………………………………………..…….234

### ANTHROPOLOGY

**Dossymbetov N.A.**
AGRICULTURAL CULTURE OF KAZAKHS IN FOLKLORE DATA (EXPERIENCE OF ETHNOGRAPHIC RESEARCH)……………………..……………………………………………………………………………….……….247
**Syeitkhan Sh.**
TYPES OF BRANDS (TAMGA) USED BY MONGOLIANS ON HORSES AND THE BRANDING TRADITIONS………..…..…..…..…..…..…..…..…..…..…..…..…..…..…..…..…..……………………...261

**EDU.E-HISTORY.KZ**
электрондық ғылыми

журналы 2024. 11 (1)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.03.2024.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй